

Ж.А.Қожықов, С.Ж.Бодықов, Қ.Т.Көшкімбаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: Seyfolla_aa@mail.ru)

«Сәулет дизайны» мамандануындағы сабақтарда мультимедиалық көрсетілімдерді қолдану

«Сәулет дизайн» мамандануындағы сабақтарды оқытуда оқушылардың осы пәндердің мазмұнын меңгеруі бойынша сәулеттік жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы оқу жүйесі негізгі құрал болып табылады. Оларды орындау қажетті жоғары деңгейдегі сәулеттік жобаларды орындау білімдері мен іскерлігін меңгеруді қамтамасыз етеді, демек, оқыту мақсатындағы жетістікті көрсетеді. Мақалада сәулеттік дизайн мамандануындағы сабақтарда мультимедиалық көрсетілімдерді қолдану арқылы оқу үрдісіндегі сәулеттік жобалау тапсырмалар жүйесін қолдану әдістемесі қарастырылған.

Кілт сөздер: дизайн, сәулет, мамандық, жоба, графика, дайындық, мультимедиа, оқыту, қолдану, компьютер.

Соңғы жылдары ғылыми-техникалық үрдістің жедел қарқынымен дамуына байланысты сәулеттік дизайн сабақтарында оқылатын пәндердің қоғамдағы алатын ролі артты. Оның әмбебап және арнайы графикалық әдістері автоматты жобалау жүйесінде, күрделі техникалық нысандарды дайындау технологиясында және оны жобалауда кеңінен қолданыс табууда. Адамзат ойының тың жемісі — «компьютерлік графикада» да ұтымды пайдаланылуда. Сәулеттік дизайн сабақтарында оқылатын пәндерді меңгеру және әр түрлі машықтық жобаларды графикалық жолмен шеше білуге үйрету жоғары оқу орынында сәулеттік дизайнерлерді, әр түрлі саладағы дизайнерлерді дайындаудың қажетті алғышарты болып табылады. Сонымен қатар сәулеттік дизайн сабақтарында мультимедиалық көрсетілімдерді қолдану алғышарттың бірі болып отыр [1].

Сәулеттік дизайн сабақтарын оқыту барысында мультимедиалық көрсетілімді қолдану студенттердің кеңейтілген білім алуына, әр түрлі сәулеттік жобаларды жасауына, әр түрлі категориядағы студенттерге, олармен саралай жеке жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Мультимедиалық оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық деңгей, күрделенген деңгей. Мультимедиалық көрсетілімдерді қолдану арқылы сәулеттік дизайн сабақтарында студенттердің есте сақтау мен ойлау, қызығушылық қабілеті жақсы дамиды. Егер студенттің қызығушылығы жайында жүйелі мәлімдемелер түсіп отырса, студенттің даму үрдісі шапшаңдайды.

Мультимедиалық құралдарды компьютерлік техникамен оқыту үдерісін пайдалануда оқытудың мынадай жалпы ұстанымдарын қолдануға тура келеді:

1. Өзара тығыз байланыстағы материалдарды кезеңдерге бөлу (қадамдарға). Ол оқытушының оқу материалдарын тиянақты талдауды, кезең бөліктері арасындағы өзара байланыстың ерекшеліктері мен мазмұнын анықтауды талап етеді.

2. Сәулеттік жобаларды тұрғызу кезінде студенттердің белсенділігін арттыру, яғни студенттердің терең де, жан-жақты талдаулар машығын қалыптастыруға бағытталады.

3. Студенттердің әрбір жауабына мұқият баға беру, және ол жауаптың бағасын тез хабарлап, дұрыс жауап берген болса, келесі қадамға көшу.

4. Оқудың қарқыны мен мазмұнын арттыру, яғни оқу қарқынын дараландырып отыруды қамтамасыз ету.

5. Студенттердің кезең бойынша кеңістіктік графикалық қабілеттерін сезім мүшелері арқылы қабылдау, сенімділігін тексеру, яғни әрбір студенттің мүмкіндігіне қарай жоба, эскиз жасаудың қиындық дәрежесін реттеуді қарастыру.

Негізгі зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мағыналығы сәулеттік дизайн сабақтарында студенттердің шығармашылық және кеңістікті ойлау қабілеттерін дамыту тұрғысынан тиімділігін арттыру қазіргі таңдағы мәселелердің бірі болып саналады.

Қазіргі қоғамның қажеттілігіне сай оқытудың әдісі мен қалпын, білім берудің мазмұнын түбірімен өзгертуде мультимедиалық құралдардың мүмкіндігін пайдаланбай жүзеге асыру мүмкін емес.

Сонымен, сәулеттік дизайн сабақтарында мультимедиалық көрсетілімнің қолданылуын анықтау кезеңінде мына міндеттердің шешімі іздестіріледі:

- таңдалған жобалардың күрделілігі мақсатын анықтау;
- нақты жобалардың тақырыбын таңдау және оны жүргізуді теориялық тұрғыда негіздеу;
- теорияда алынған мәселені жоба жасау жұмыстарын орындауда болжамын тұжырымдау;
- мультимедиалық көрсетілім арқылы студенттердің алынған жобаларды түсінуін қадағалау барысында жүргізілетін жұмыс қалпын анықтау;
- студенттердің бастапқы дайындық деңгейін анықтауға қажетті әдістемелерді таңдау және оның тиімділігін тексеру;
- студенттердің дайындық деңгейін жетілдіруге байланысты дидактикалық кешенді мультимедиалық көрсетілім арқылы дайындау;
- сызбаның толық жетістігін беру нәтижесінде студенттердің кезең бойынша жобаларды жасауды меңгеруде болған өзгерістерді, дәстүрлі оқыту түрі айырмашылығын анықтау.

Көрсетілім ағылшын тілінен аударғанда «presentation» — *елестету* — бұл белгілі бір тақырыпқа анықталған әр түрлі картинка-слайдтар жиынтығы. Әрбір слайдқа мәтіндік және графикалық ақпараттарды өз бетімен сыйғызуға болады.

Университетте MS PowerPoint типі бағдарламасы көмегімен, Office пакетімен кіреді, слайд-фильмдерді анықтамалық және оқу демонстрациялау және тұрғызу, үйірмелерге және секциялар туралы айтады.

Көрсетілім дайындауда оқытушы өзін сценарист, режиссер және орындаушы ретінде көрсетеді.

Көрсетілімді көрсету үшін слайдты «басты» PowerPoint құрылғысында жай қарапайым PowerPoint Viewer бағдарлама-демонстраторда көрсетеді. Слайдты көрсету үшін аудиторияда арнайы проекторды компьютерге қосып, экран бетіне түсіреді. Оқытушы көрсетілімді клавиатура көмегімен басқарады.

Сәулеттік дизайн сабақтарында мультимедиалық көрсетілімдер көмегімен әдістемелік материалды дайындау және қолдану білім беру саласында мультимедиалық оқытуды қолданудың үш бағытын қарастырамыз.

1. Көрсетілім, демонстрация сабақтың өтілу барысын арттыру үшін бағдарламаларды қамтамасыз ету.

2. Сабақта көрсетілімді қолдану барысында студенттердің белсенділігін арттыру.

3. Мультимедиалық көрсетілім жұмыс кезінде сабақты жоспарлау және оның қарқынын арттыру.

Сәулеттік дизайн сабақтарында мультимедиалық көрсетілімдерді сабақта пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- пән бойынша базалық білімді меңгеру;
- алған білімді жүйелеу;
- өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
- оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Сондықтан оқытушы жаңа сабақты түсіндіруде мынадай міндеттер қоюы керек:

- сәулеттік дизайн сабақтарындағы пәндерде тақырып бойынша мультимедиалық көрсетілім технологиясын дайындау жұмысы барысында алынған мәліметтерді талдау;
- осы талданатын материалдарды зерттеудің мақсаты, міндеті және болжамымен салыстырмалы түрде тексеру;
- жобалардың, клаузуралардың, идеялардың логикалық нәтижесін өңдеу;
- слайд арқылы көрсетілімде сабақтың тапсырмасын түсіндіруде студенттер мен оқытушының арасындағы өзара қарым-қатынас ерекшеліктеріне сипаттама беру.

Негізі мультимедиалық құралдарды пайдалану жұмысына мынадай міндеттер қойылды:

- өткізілетін сабақтың мазмұнын іріктеу;
- слайдтардың айқындығын анықтау және тексеру;
- оқу үдерісіне ендірілген дидактикалық кешен мазмұнының тиімділігін анықтау;
- оқытушының дайындық деңгейіндегі өзгерістерден мәліметтер жинау; слайд жасауда кездескен қиыншылықтар мен кемшіліктерді анықтау және оларды жоюдың жолдарын іздестіру.

Бұл міндеттер мультимедиалық көрсетіліммен сәулеттік дизайн сабақтарындағы пәндерді оқыту үдерісінде студенттердің іскерлігін тереңдету және кеңейту арқылы олардың логикалық ойлау қабілетін көтеруге бағытталған екендігін айқара ашады.

Слайд-фильм ұсынылған тапсырманы бір слайдпен көрсету арқылы, ал басқасында — шешімін табу (этап бойынша орындау). Бұлар жаңа және үй тапсырмасын орындауда уақытты үнемдейді, қайталау, жаңа материалды меңгеру, қорытындылау және практикалық жұмыстарды орындау үшін, ұсынылған жұмыстың мақсатымен өткізу түрін дұрыс түсіну, қателерді түзеу, тапсырманы орындау үрдісін жылдамдатуға ыңғайлы.

Жоба жұмыстарын слайд-көрсетілім арқылы түсіндіруде студенттердің теориялық түсінігі артып, практикада қолдану барысында жетістіктерін көруге болады.

Арнайы үлгіде тапсырмаларды орындауға арналған слайд-көрсетілімге қарай отырып, студенттер ұсынылған тапсырмаларды практикада жылдам орындайды. Қажет сұрақтар туындағанда слайд көрсетілімді қайтадан көрсетіп, жадында сақтау қабілеттерін дамытуға болады.

Студенттердің шығармашылық білім сапасын арттыру көп мөлшерде нақты мақсатқа бағытталған және әдістемелік жүйелі ұйымдастырылған оқу сабақтарында білімнің меңгерілуімен байқалады. Оқу үрдісінде оқу және оқыту әдісінің жаңаша қырларын техникалық оқу құрылғыларын қолданумен дамытады. Оқытудың эффектісін жоғарылату сабақта дидактикалық материалдарды, компьютерлік технологияларды қолданумен байланысты [2].

Шығармашылық ізденімпаздықты дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін Я.А. Коменский қалады. Ол: «Шығармашылық бастамасы — сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой-өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», — деп жазды [3].

Слайд-фильмді көрсету түсіндірумен анықталады. Мысалы, жобаларды жасаудың жаңа тақырыбын оқытушы түсіндірмей тұрып, экранда сол слайдты немесе бақылау сұрақтарымен демонстрациялайды. Жауаптар ауызша немесе жазбаша түрде орындалады.

Сабақ барысында оқу фильмдерін қолдану барлық топқа көрнекі түрде демонстрациялап жұмыстың дұрыс тәсілдерін бірізділікпен қиындатпай жұмыс орнында көрсетеді.

Сәулеттік дизайн сабақтарындағы пәндерде сабақ тақырыбын түсіндіруде мультимедиалық көрсетілімде бір уақытта бірнеше материалдарды қолдануға болады: бейне, дыбыс, сурет, мәтін, және т.б. Сабақ соңына дейін логикалық үздіксіз түрде болса, сонда ғана сабақ қойылған мақсатына жетеді. Сабақ кезінде сақталған файлдар студенттерге беріледі: сондай-ақ бұл файлдарды келесі сабақта өтетін материалдарды қайталау және толықтыру үшін қолданылады.

Қазіргі кезде білім беру саласын, оқытудың әр түрлі техникалық құралдарын пайдаланусыз елестету мүмкін емес. Сондықтан уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту — бүгінгі күннің басты міндеті. Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде ХХІ ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Ал оқытушының негізгі ұстанған мақсаты — білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу.

Әр түрлі ғылыми зерттеулер мен алдыңғы қатарлы оқытушылардың тәжірибесі дәлелдегендей, оқытудың көрсетілімдік әдістерін пайдалану, оқыту-тәрбиелеу үрдісін толық жетілдіруге, студенттердің білім, білік, дағды сапаларының жақсаруына септігін тигізеді. Мультимедиалық оқыту құралдары — бұл нақты уақыт режимінде қолданушы мен ақпараттық жүйе арасында диалог құрушы құралдар.

Мультимедиалық құралдарды пайдаланатын оқыту әдістемесі дәстүрлі оқыту әдістемесінен ерекшеленеді. Алайда, кез келген жағдайда, соның ішінде интерактивті құралдарды пайдалану арқылы сапалы білім беруді ұйымдастыру үшін сабақтың жоспарын, құрылымын, оқытудың мақсаты мен нәтижесін анықтау қажет.

Мультимедиалық көрсетілімді қолданумен бірге сабақ құрылымы да өзгереді. Мультимедиалық оқытуды сәулеттік дизайн сабақтарында қолданғанда сабақ сапасы бірінші кезекте оқытушының өзіне, яғни мультимедиалық көрсетілімдердің мүмкіндіктерін қалай қолданатынына, тәуелді екенін ескертіп кеткен жөн. Мультимедиалық көрсетілімдерді пайдалану кез келген сабақты серпімді етеді, ал бұл сабақтың бірінші минутынан студенттердің шығармашылық графикалық-танымдық іс-әрекетінің артуына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ткачев М.С. Архитектурная графика. — М.: Архитектура, 2004. — 317 с.
- 2 Меерович М.И. Технология творческого мышления. — Минск: Изд-во: «Институт психологии РАН», 2003. — С. 3.
- 3 Коменский Я.А. Основы методики преподавания. — М.: Знание, 1992. — 82 с.

Ж.А.Кожиков, С.Ж.Бодиков, К.Т.Кошкумбаев

Использование мультимедийных презентаций на занятиях по специализации «Архитектурный дизайн»

В статье проанализированы эффективность использования мультимедийных презентаций на занятиях по специализации «Архитектурный дизайн» и основные стадии процесса проектирования. Рассмотрены основные методы использования мультимедийных презентаций в учебном процессе на занятиях по архитектурному дизайну. Авторами выделены процесс систематизации заданий по курсу дизайна архитектурной среды. Определены теоретические основы совершенствования творческой деятельности будущих дизайнеров и систематизировано содержание обучения в учебном процессе вуза.

Zh.A.Kozhikov, S.Zh.Bodikov, K.T.Koshkumbaev

Using multimedia visual aids in the classroom for the architectural design of specialization

The paper analyzes the effectiveness of using multimedia visual aids in the classroom for specialized architectural design and the main stages of the design process. This article discusses the basic techniques for using multimedia visual aids in the learning process in the classroom for architectural design. And through the process of ordering the job at the rate design architectural environment. Identified theoretical basis for improvement of future creative designers and systematized learning content in the educational process of higher education.

References

- 1 Tkachev M.S. *Architectural graphics*, Moscow: Architecture, 2004, p. 317.
- 2 Meerovitch M.I. *Technology creative thinking*, Minsk: Publ. house: «Institute of Psychology RAN», 2003, 482, p. 3.
- 3 Comenskiy Ya.A. *Basic methods of teaching*, Moscow: Znanie, 1992, p. 82.